

Зеленов ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 23 маусымдағы № 349 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 5 шілдеде № 4854 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы және "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа ала отырып, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Зеленов ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Зеленов ауданы әкімі аппаратының басшысы (М.Залмұқанов) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы М. Залмұқановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

К.Жакупов

2017 жылғы 23 маусымдағы
№ 349 Зеленов ауданы
әкімдігінің қаулысына
қосымша

Зеленов ауданы әкімдігінің күші жойылды деп танылған кейбір қаулыларының тізімі

1. Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 16 маусымдағы № 452 "Зеленов ауданының ауыл шарушылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3578 тіркелген, 2014 жылғы 26 маусымдағы "Ауыл тынысы" газетінде жарияланған) қаулысы;

2. Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 16 маусымдағы № 454 "Зеленов ауданының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3577 тіркелген, 2014 жылғы 26 маусымдағы "Ауыл тынысы" газетінде жарияланған) қаулысы;

3. Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 27 тамыздағы "Зеленов аудандық ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" № 688 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4062 тіркелген, 2015 жылғы 10 қазандағы "Ауыл тынысы" газетінде жарияланған);

4. Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 6 "Зеленов ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 16 маусымдағы № 452 "Зеленов ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы" қаулысына толықтыру енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4260 тіркелген, 2016 жылғы 17 наурыздағы "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) қаулысы;

5. Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 77 "Зеленов аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4261 тіркелген, 2016 жылғы 17 наурыздағы "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) қаулысы;

6. Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 27 қыркүйектегі № 677 "Зеленов ауданы бойынша 2016 жылға басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялауға арналған өтінімді ұсыну мерзімдерін айқындау туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4567 тіркелген, 2016 жылғы 21 қазандағы Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысы.